

Бекітемін.

Балабақша меңгерушісі: А.Исакулова



«Меруерт Ана» бөбекжай балабақшасы ЖШС

2023–2024 оқу жылына арналған медбикенің жылдық жұмыс жоспары

Медбике: Хамытбаева Зулфия

**2023–2024 оқу жылына арналған медициналық қызметкердің
(медбикенің) жылдық жұмыс жоспары**

Жұмыстың негізгі мақсаты

Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға жағдай жасау, аурулардың алдын алу жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру, санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және балабақшада қолайлы, қауіпсіз орта қалыптастыру.

Негізгі міндеттері

- Тәрбиеленушілердің денсаулық көрсеткіштерін жүйелі бақылау.
- Алдын алу және сауықтыру шараларын жоспарлы түрде жүзеге асыру.
- Санитариялық-гигиеналық талаптардың орындалуын қадағалау.
- Балалардың дұрыс әрі теңгерімді тамақтануын бақылау.
- Педагогтер мен ата-аналарға медициналық-ағартушылық көмек көрсету.
- Медициналық есептік құжаттарды талапқа сай жүргізу.

Жылдық жұмыс жоспары

Ай	Атқарылатын жұмыстар	Орындалу нысаны
Қыркүйек	Жаңадан қабылданған тәрбиеленушілердің медициналық құжаттарын зерделеу, медициналық кабинетті оқу жылына дайындау, балалардың бойы мен салмағын өлшеу, күнделікті таңертеңгі бақылауды ұйымдастыру.	Тексеру, тіркеу
Қазан	Тыныс жолдарының жұқпалы ауруларының алдын алу шараларын өткізу, санитариялық талаптардың сақталуын және топтардың тазалығын бақылау.	Бақылау
Қараша	Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу, ас мәзірінің талапқа сәйкестігін қарау, тағам сынамаларының сақталуын тексеру.	Мониторинг
Желтоқсан	Қыс мезгілінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, дәрумендендіру жұмыстарын ұйымдастыру, түсіндіру іс-шараларын өткізу.	Кеңес беру
Қаңтар	I жартыжылдықтағы сырқаттанушылық деңгейіне талдау жасау, медициналық құжаттамаларды ретке келтіру.	Сараптау
Ақпан	Балалардың жеке бас тазалығы туралы тәрбиелік жұмыстар жүргізу, бөлмелердегі температуралық және ауа режимін бақылау.	Қадағалау
Наурыз	Педагог қызметкерлерге алғашқы медициналық көмек көрсету жөнінде нұсқаулық өткізу, тәрбиеленушілердің денсаулығына мониторинг жүргізу.	Семинар-кеңес
Сәуір	Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстарын ұйымдастыру, медициналық жабдықтар мен дәрі-дәрмек қорын толықтыру.	Ұйымдастыру
Мамыр	Оқу жылы бойынша денсаулық көрсеткіштеріне қорытынды талдау жасау, мектепке баратын балалардың медициналық құжаттарын әзірлеу.	Қорытындылау
Маусым	Жазғы сауықтыру жұмыстарының орындалуын бақылау, шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру.	Бақылау

Шілде	Ішек инфекцияларының алдын алу, ауыз су сапасы мен азық-түлік өнімдерінің сақталуын тексеру.	Мониторинг
Тамыз	Келесі оқу жылына дайындық, медициналық кабинетті қажетті құралдармен қамтамасыз ету, алғашқы көмек қобдишаларын толықтыру.	Дайындық

Күнделікті атқарылатын жұмыстар

- Таңертеңгілік медициналық сүзгіні өткізу.
- Балалардың жалпы денсаулық жағдайын бақылау.
- Қажет болған жағдайда дене қызуын өлшеу.
- Ас блогының санитариялық талаптарға сәйкестігін тексеру.
- Дайын тағамның сапасына бақылау жүргізу.
- Медициналық есеп журналдарын толтыру.
- Ауру белгілері байқалған балаларды уақытылы анықтап, оқшаулау.

Апта сайынғы жұмыстар

- Топ бөлмелерінің санитариялық жағдайын бақылау.
- Медициналық құралдар мен дәрілік заттардың қорын тексеру.
- Тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімдерін бақылау.
- Қызметкерлердің санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтауын қадағалау.

Ай сайынғы жұмыстар

- Балалардың аурушандық көрсеткіштеріне талдау жүргізу.
- Антропометриялық өлшемдерді бақылау.
- Денсаулық бұрышындағы ақпараттарды жаңарту.
- Ата-аналарға жеке медициналық кеңес беру.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс

- Балабақшадағы санитариялық талаптармен таныстыру.
- Жұқпалы аурулардың алдын алу жолдарын түсіндіру.
- Баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру бойынша ұсыныстар беру.
- Дәрумендердің бала ағзасына әсері туралы ақпарат беру.
- Жеке бас тазалығын сақтау мәдениетін қалыптастыру.
- Отбасындағы дұрыс тамақтану қағидаларын насихаттау.

Педагогтермен жүргізілетін жұмыс

- Санитариялық талаптарды сақтау жөнінде нұсқаулық өткізу.
- Балалардың жарақаттануының алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
- Алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін үйрету.
- Балалардың денсаулығын сақтау бағытында әдістемелік қолдау көрсету.

Күтілетін нәтиже

- Тәрбиеленушілердің денсаулық көрсеткіштері жақсарады.

- Жұқпалы және маусымдық аурулардың таралу деңгейі төмендейді.
- Санитариялық-гигиеналық талаптар толық көлемде сақталады.
- Балабақшада денсаулықты сақтауға бағытталған қауіпсіз орта қалыптасады.
- Ата-аналар мен педагогтердің медициналық және санитариялық сауаттылығы артады.

Бекітемін.

Балабақша меңгерушісі  А.Исакулова



«Меруерт-Ана» бөбекжай балабақшасы ЖШС

**МДҰ медициналық қызметкерінің 2023–2024 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары**

№	Белгіленген жұмыс	Мерзімі	Орындаушы
1	Балалардың денсаулық жағдайын бақылау • Таңертеңгілік сүзгіні ұйымдастыру және жүргізу. • Балалардың дене қызуын, жалпы жағдайын бақылау. • Инфекциялық ауру белгілері бар балаларды уақытылы анықтап, оқшаулау. • Балалардың бойы мен салмағын өлшеу, денсаулық көрсеткіштерін тіркеу. • Денсаулық топтары бойынша есеп жүргізу.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер
2	Санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылау • Топ бөлмелерінің, қабылдау және санитариялық тораптардың тазалығын бақылау. • Желдету, кварцтау және ылғалды тазалау жұмыстарының орындалуын қадағалау. • Ойыншықтарды, төсек-орын жабдықтарын және ыдыстарды залалсыздандыру жұмыстарын бақылау. • Дезинфекциялау құралдарының дұрыс қолданылуын тексеру. • Қызметкерлердің санитариялық талаптарды сақтауын бақылау.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер
3	Балалардың тамақтануын ұйымдастыруды бақылау • Күнделікті ас мәзірін бақылау. • Дайын тағамның сапасын бағалау. • Тәуліктік сынамалардың дұрыс сақталуын тексеру. • Ас блогының санитариялық жағдайын бақылау. • Тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімдерін қадағалау. • Тамақтану нормаларының орындалуын бақылау.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер
4	Сауықтыру және шынықтыру жұмыстары • Таза ауадағы серуеннің ұйымдастырылуын бақылау. • Ауа және күн ванналарын жүргізу. • Ұйқыдан кейінгі сергіту жаттығуларының орындалуын бақылау.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер

	• Топтардағы температуралық режим мен ауа ылғалдылығын бақылау. • Шынықтыру шараларының жүргізілуін қадағалау.		
5	Алдын алу шаралары • ЖРВИ, тұмау және ішек инфекцияларының алдын алу. • Паразиттік аурулардың профилактикасы. • Жоспарлы профилактикалық егулерді ұйымдастыру. • Медициналық тексерулерге қатысу. • Созылмалы аурулары бар тәрбиеленушілерді бақылау.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер
6	Санитариялық-ағарту жұмыстары Қыркүйек – «Жеке бас гигиенасы» Қазан – «Тұмаудың алдын алу» Қараша – «Дұрыс тамақтану» Желтоқсан – «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік» Қаңтар – «Вирустық аурулардың алдын алу» Ақпан – «Дәрумендердің пайдасы» Наурыз – «Туберкулездің алдын алу» Сәуір – «Таза қол – денсаулық кепілі» Мамыр – «Жазғы сауықтыруға дайындық» Маусым – «Күн өтуден сақтану» Шілде – «Тағамнан уланудың алдын алу» Тамыз – «Жаңа оқу жылына дайындық»	Ай сайын	Медициналық қызметкер
7	Эпидемияға қарсы жұмыстар • Ауру балаларды уақытылы оқшаулау. • Байланыста болған балаларға медициналық бақылау жүргізу. • Дезинфекциялық іс-шараларды ұйымдастыру. • Карантин талаптарының сақталуын бақылау. • Инфекциялық аурулардың таралуының алдын алу.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер
8	Есептік-құжаттамалық жұмыстар • Медициналық журналдарды жүргізу. • Денсаулық парақтарын толықтыру. • Айлық және жылдық медициналық есептерді әзірлеу. • Сырқаттанушылық көрсеткіштеріне талдау жасау. • Медициналық кабинеттің құжаттарын ретке келтіру.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер
9	Педагогтермен жұмыс • Алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша кеңес беру. • Санитариялық талаптарды сақтау жөнінде нұсқама өткізу. • Балалардың денсаулығын қорғау бойынша ұсыныстар беру.	Тоқсанына 1 рет	Медициналық қызметкер
10	Ата-аналармен жұмыс • Денсаулықты нығайту бойынша жеке кеңестер.		

	• Вакцинацияның маңыздылығы жөнінде түсіндіру. • Баланың дұрыс тамақтануы мен күн тәртібі туралы кеңестер. • Аурулардың алдын алу жөнінде жадынамалар тарату.		
--	---	--	--

Медбике: Хамытбаева Зулфия

БЕКІТЕМІНБалабақша меңгерушісі: А.Исакулова**«Меруерт-Ана» бөбекжай-балабақшасы ЖШС-нің медбике қызметінің
циклограммасы****2023-2024 оқу жылы**

Апта күндері	1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
Дүйсенб і	Топтарды аралап, тәрбиеленушілерді ң денсаулық жағдайын бақылау. Ас блогы қызметкерлерінің медициналық талаптарды сақтауын тексеру. Дайын тағамның сапасын бағалау және тәуліктік сынама алу. Балалардың келу есебін нақтылау. Күнделікті ас мәзірін бақылау.	Медициналық кабинеттің дәрілік қорын тексеру.	Медициналық кұжаттарды толықтыру.	Апталық жұмыс жоспарын талдау және келесі аптаға дайындық.
Сейсенб і	Топтарды аралау. Ас блогының санитариялық жағдайын бақылау. Дайын тағамға бракераж жүргізу. Қатысу журналын тексеру. Ас мәзірін қарау.	Медициналық кұжаттармен жұмыс. Жоспарлы профилактикалық кеңесулерді ұйымдастыру.	Балалардың жоспарлы медициналық бақылауын жүргізу.	Оқу-тәрбие үдерісінде санитариялық талаптардың сақталуын бақылау.
Сәрсенб і	Топтарды аралау. Ас блогының жұмысын бақылау. Тағам сапасын бағалау. Балалардың қатысуын есепке алу.	Психологиялық- медициналық- педагогикалық бақылауға қатысу.	Әдіскермен бірлесіп денсаулық сақтау бағытындағы жұмыстарды талқылау.	Тәрбиешілерге, мамандарға және ата-аналарға медициналық кеңес беру. Шынықтыру шараларының орындалуын бақылау.
Бейсенбі	Топтарды аралау. Ас блогын тексеру. Тағам сапасын бақылау. Күнделікті	Топтар мен ас блогындағы санитариялық- эпидемияға қарсы режимнің	Балалардың сауықтыру іс- шараларының жүргізілуін бақылау.	Техникалық қызметкерлерге санитариялық- гигиеналық талаптар бойынша

	қатысуды тіркеу.	сақталуын тексеру.		нұсқаулық өткізу. Балалардың антропометриялық көрсеткіштерін өлшеу. Емханамен өзара байланыс жұмыстарын жүргізу.
Жұма	Топтарды аралау. Ас блогындағы тағам сапасын бақылау. Балалардың келу есебін жүргізу. Ас мәзірін тексеру.	Күн тәртібінің сақталуын бақылау.	Санитариялық -ағарту жұмыстарын ұйымдастыру, ақпараттық бұрыштарды жаңарту.	Апта ішіндегі сырқаттанушылыққа талдау жасау. Балалардың балабақшаға бейімделу деңгейін бақылау. Медициналық құжаттарды ретке келтіру.